

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті**

**БББ 5В01509 – «Биология» 4 курс**  
**Кәсіби педагогикалық сараманның қорытынды есебі**  
**(23.01.2023- 06.05.2023ж).**

**Орал 2023ж.**

## **БББ 5В01509 – «Биология», 4курс Б41 (қ/б), Б42 (о/б) топтарының педагогикалық сараман есебі**

### **Дайындық жұмыстары**

БББ 5В01509 – «Биология», 4 курс Б41, Б42 топтары мемлекеттік оқу стандарты бойынша жаңартылған білім беру мазмұны аясында алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыруда және ұстазға тән кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру мақсатында жалпы орта білім беретін мектептерден педагогикалық сараманнан өту жоспарланады. Оқу үдерісінде студенттер өздерінің білім беру бағдарламаларына сай толық теориялық білімді меңгереді. Мектептің оқу-тәрбие үрдісінде қоданыс тапқан жаңартылған білім беру мазмұнына сай оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері мен оқыту технологияларын қолданып іс-әрекетке араласу негізгі міндеттердің бірі. Осындай жұмыстарды іске асыру педагогикалық сараман барысында орындалады және студенттер алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізеді. Жалпы мектептің оқу-тәрбие үрдісін бақылау, бағалау, ұстаздық іс-әрекет дағдыларын игеру, кәсіби тұрғыда өзіндік тәжірибе жинақтауға жағдай жасайды.

Кәсіби педагогикалық сараман жалпы орта білім беретін қала және ауыл мектептерінде өтеді. Кейбір жағдайда студенттің жеке денсаулық және отбасы жағдайы ескеріліп сұраныс, кепілдік хат бойынша ауыл мектептерімен келісім-шарт жасалады. Студенттерді мектепке орналастыруда сабақ беруіне қолайлы, заман талабына сай мектептердің жабдықталуы, материалдық базасы, оқу – әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілуі ескерілді.

Педагогикалық сараманның негізгі мақсаты: жаңартылған білім беру бағдарламасы мен критериалды бағалау жүйесін меңгеріп, педагогикалық үрдісті іске асыруға мүмкіндік беретін болашақ биология пәні мұғалімінің кәсіби біліктілігін, дағдысын және құзыреттілігін қалыптастыру. Осыған байланысты оқу жоспары және оқу кестесіне сәйкес күндізгі оқу бөлімі Б41, Б42 топтары, 4-курс студенттерін ЖОББ мектептерге орналастыру бағытында мансап орталығымен байланыста дайындық жұмыстары жүргізілді.

### **Педагогикалық сараманды ұйымдастыру жұмыстары**

Педагогикалық сараманның тұрақтандыру конференциясы 2022 жылдың 21 желтоқсан күні ұйымдастырылды. Конференцияға БББ 5В01509 – «Биология», 4 курс Б41, Б42 топтары студенттері және биология пәні мен тәрбие жұмысы бойынша әдіскерлер қатысты.

Конференцияда педагогикалық сараманның мақсаты, міндеттері, биология сабағының жаңартылған білім беру бағдарламасына сай құрылуы, тәрбие жұмыстарының жоспары және өткізу жолдары, оқушылардың денсаулық жағдайын алдын алуда бағытында жүргізілетін мектеп гигиенасының талаптары, педагогикалық сараман жоспары мен құжаттары туралы баяндалды. Кейін сараман өтетін мектептер және әдіскерлерді тағайындау туралы қызметтік жазбамен сараман жетекшісі студенттерге таныстырды (сурет 1).



Сурет 1. Педагогикалық сараманның тұрақтандыру конференциясынан көрініс

Ұйымдастыру конференциясында күн тәртібіне қойылған барлық сұрақтар қарастырылды және машықкер–студенттердің сыртқы киім үлгісі, тәртібі, міндеттері, сараман нәтижесінде жинақтайтын құжаттары туралы айтылды. Сонымен қатар тәрбие жұмысы бойынша «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының магистр, аға оқытушысы Арыстанғалиева Венера Талгатовна студенттерге мектепте жүргізілетін тәрбиелік шаралардың құрылымы, мазмұны және жинақтап безендіру талаптарымен таныстарды (сурет 2).



Сурет 2. Тәрбие жұмысының мазмұнын әдіскердің баяндау сәтінен

БББ 5В01509 – «Биология», 4 курс Б41, Б42 топтары студенттері педагогикалық сараманнан өтуге БҚО, Орал қаласы № 5, 9(о/б), 11, 40, 45, 50 мектептеріне бөлінгендігі туралы қызметтік жазбамен таныстырылды. Б41 топ студенті Иматова Айгерім Биболатқызы отбасылық жағдайына байланысты Бөкей орда ауданы, Мұратсай ауылы, А.Құсайынов атындағы мектеп-бөбекжай кешеніне бөлінді. Бұл студентке мансап орталығынан сараманнан өту туралы жолдама алатындығы хабарланды. Қызметтік жазба бойынша әрбір әдіскер өздеріне бекітілген студенттермен жеке кеңес өткізіп, студенттерге тапсырма берді.

Жаңартылған білім беру мазмұнына сай ЖОББМ-те биологияны оқытудың кейбір ерекшеліктері, қосымша материалдар, баспа және интернет ақпараттары, көрнекіліктер, оларды оқу-тәрбие жұмыстарында пайдалану әдістемесі туралы әңгіме болды. Соның ішінде оқушылармен қалай жұмыстану керек, сөйлеу мәнері, оқушылардың алдында студент өзін қалай ұстау керектігі, жүріс-тұрысы, күнделікті сабақ жоспарларын құру (ҚМЖ), оқушылармен жұмыстану, күнделік толтыру, педагогикалық сараман бойынша өзге де құжаттар толтыру т.б. мәліметтер баяндалды.

Қызметтік жазбаға сәйкес әдіскерлер: Ж.С.Кажымуратова - № 5, 45 мектепке; Л.С.Жамалиева - № 11, 40 мектепке; Ж.М.Ихласова - № 50 мектепке; М.В.Мамышева - № 9 мектепке бекітілді. Әдіскерлер 23.01.2023 күні машықкер-студенттерді мектепке апарып, мектеп әкімшілігімен және біліктілігі жоғары педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші биология пәні мұғалімдерімен таныстырды. Мектеп әкімшілігі студенттерге қойылатын талаптары және мектептің ішкі ережесі, тарихы, оқу-тәрбие жұмысының бағыты, ұстаздар құрамы, мектептің материалды-техникалық базасы туралы ақпарат беріп, машықкер - студенттерді сыныптарға бөлді. Әр студент өзіне бекітілген биология пәні мұғалімі және сыныбының сынып жетекшісімен бетпе-бет кездесіп жылдық жұмыс жоспарымен танысты. Сараманның екінші күнінен бастап машықкерлер сабақ кестесіне сай өздеріне берілген сыныптардың барлық сабақтарына қатысты. Күнделіктеріне қатысқан сабақтары туралы, сынып оқушылары туралы мәліметтерін жазып отырды.

Мектеп ұстаздарының педагогикалық іс-әрекетімен және әдістемесімен танысу мақсатында студенттер сараманның алғашқы бір аптасында биология сабақтарына және өз

сыныптарының сабақтарына, тәрбие сағатына қатысып, сабақты өткізудің әдіс-тәсілдерімен, сынып оқушыларымен танысып, тәжірибе алмасты.

### **Оқу - әдістемелік жұмыс**

Биылғы кәсіби педагогикалық сараманның ерекшелігі 4 курста 15 апта оқу кестесіне сәйкес жоспарланған. Кәсіби педагогикалық сараман білім бакалаврын даярлаудағы білім бағдарламасының (ББ) міндетті құрам бөлігі болып саналады. Сондықтанда сараман барысында машықкер-студенттер 7-11 сыныптарға биология пәнінен 30-40 сабақ берді.

Машықкер-студенттерге сабақтың ҚМЖ құруда, көрнекіліктер дайындау кезінде мектептің биолог мұғалімдері, әдіскерлер үлкен көмек көрсетті. Студенттер сабақтарда жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде интернет желісі негізінде түрлі оқыту платформаларын learning.apps, quiziz, wordwall т.б. белсенді түрде қолданды. Биология сабағын жүргізу, оқушылармен қарым-қатынас, олардың пәнге қызығушылығын арттыру, білімін бағалау, тақырыпқа байланысты сабақ өткізу әдістерін таңдау, уақытты ұтымды пайдалану, оқушымен жеке жұмыс, зертханалық жұмыстар ұйымдастыру, жаңа инновациялық технологияны орынды қолдану және т.б. әдіс-тәсілдерді игеру мақсатында биологиядан пән мұғалімінің сабақтарына жүйелі түрде қатысты, яғни ұстазға тән құзыреттіліктерді меңгерді.

Сонымен қатар, студент машықкерлер мектептің ішкі тәртіптерімен, асхана, спорт зал, жаттығу залдары секілді жерлермен таныстырылды, алдағы уақытта көптеген шаралар мен жұмыстарды бірлесіп атқару тапсырылды.

Мектепте сабақ өткізу барысында жаңартылған білім мазмұнына сай оқытудың жаңа технологиялық әдістерін: топтық жұмыстар, диалогты оқыту, сын тұрғысынан ойлау, талантты және дарынды балалармен жұмыстар жүргізілді. Сабақтарының басым пайызын оқу мен оқытудың жаңа технологияларын қолданып, өткізді.

**№45 ЖОББМ** 4 студент (Жақсылықова А.Ж., Жумакаева Э.Е., Каримова И.А., Ерназарова А.Т.) бөлініп 8-ші, 10-шы сыныптарға 23-25 сабақ берді. Жаңа сабақты түсіндіру барысында, оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Адасқан әріптер», «Кім жылдам», «БББ-кестесі», «Ойлан тап», «Он сұрақ», «Ақиқат-жалған», «Қар кесегі», «Стоп кадр», «Кубизм» және т.б. әдістерді қолдана отырып сабақтарын өткізді. Әсіресе, «Эмбрионалдық кезеңдер», «Робототехникада биомеханиканы қолдану» тақырыбындағы сабақтар сәтті өтті. Ең алдымен оқушыларға бейнежазба көрсетіп, кейін презентация арқылы түсіндірілім жүргізіп, «Quiziz» платформасы арқылы тапсырмалар берді, сабақ «Білім ағашы» рефлексиясымен қорытындыланды. «Модификациялық өзгергіштік» тақырыбында сабақ өткізуде үш тілді меңгерту мақсатында «Биологиялық диктант» жазғызды. Сабақты «Аяқталмаған сөйлем» рефлексиясымен қорытындылады. Оқушылардың білім деңгейі мен сабаққа үлгерімін бағалау үшін «Бағалау парағы», «Күлегештер», «Бағдаршам», «Түрлі-түсті қалпақтар», «Бас бармақ» және т.б. әдістерді қолданылды.

**№5 ЖОББМ** 3 студент (Ноғайбай Г.Қ., Аубакірова А.Е., Қатымғали Қ.Қ.) бөлініп 7-ші сыныптарға 28 сабақ берді. «Жүйке жүйесінің құрам бөліктері», «Адам қаңқасының құрылысы», «Гүлдің құрылысы. Тозаңдану түрлері. Гүлдеу және тозаңдану» тақырыбында сабақтар өткізді. Оқушыларға classtools.net платформасы арқылы тапсырмалар берді. Оқушылардың өз бағаларын есептеп отыру үшін «Смарт-сағат» әдісі қолданылды. Тапсырмаға «Үш қадамнан тұратын сұхбат» әдісін пайдаланды. Рефлексиялық кезеңінде «Екі жұлдыз, бір тілек», «Білім ағашы», «Бес саусақ», «Таңдау», «Синквейн», «Табыс сатысы», «Тик-ток» әдістері қолданылды.

**Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мамандандырылған мектеп-интернатына** 3 студент (Талапова Л., Физат А., Бисенғалиева Ә.) 7-ші сыныптарға бөлігіп 25-28 сабақ берді. Қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мақсатында оқушылармен топтық, жұптық және жеке жұмыстар жүргізілген. Сабақтың тақырыбының мағынасын ашуда, ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде «Сурет сыры», «Серпілген сауал», «Ой қозғау», «Сөз жұмбақ», «Анаграмма», «Модельдеу» әдістерін жиі қолданды (сурет 1). Жаңа сабақты түсіндіру барысында «Суреттер сөйлейді», «Стоп-

кадр», «Анаграмма», әдістерін қолданса, бекіту мақсатында «Квест», «Мозайка», «Шындық-жалған», «Сәйкестендіру кестесі», «Тарсия» әдістерін қолдана отырып сабақтарын өткізген.



Сурет 1. Модельдеу әдісін топтық жұмыс барысында қолдану сәтінен

Биология сабағынан жаңа сабақта талдауда және үй тапсырмасын сұрауда, оқушылардың ақпараттық технологияны жақсы меңгеруде және сабақта қызықты тапсырмаларды талдауда тиімді болып табылатын learning.apps, quiziz, wordwall платформаларын белсенді түрде қолданды (сурет 2). Сабақ барысында оқушылардың алға қарай талпынуына септігін тигізіп, оқушылар өздерін бағалай алуға дағдыланадыру мақсатында «Теңге», «Смарт», «Баскетбол» әдістері арқылы бағалаулар жүзеге асырылды.



Сурет 2. Жаңа сабақты түсіндіру барысында learning.apps платформасын қолдану сәтінен

Сараман барысында үй тапсырмасын тексеру мақсатында «Ой қозғау», «Ашық микрофон», «Сұрақ ілмегі», «Миға шабуыл», әдістерін, жаңа тақырыпты меңгерту барысында «INSERT», «SWOT» талдау, «Өрмекші», «DEAL», «Джигсо» секілді әдістер қолданған. Сабақ бекітілгеннен кейін мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс орнату да ескерілді. Бұны, оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты нығайтуға, оқушылардың сабақ туралы ой-пікірлерін жеткізуге тиімді әдіс ретінде қолданылды. Кері байланыс, ауызша «Еркін микрофон» әдісі арқылы немесе жазбаша «Ұстазға хат», «Білім поштасы», «БББ», «Бүгінгі сабақтан не білдім?», «СМС» әдістері арқылы жасалынды.

Педагогикалық сараманнан өткен машықкерлер 03.04.-14.04.2023ж. аралығында «Әлемнің ғажап үш тірегі» атты химия, биология, география пәндерінің онкүндігіне белсенді қатысты. Оқушыларды экологиялық мәдениетке, салауатты өмір салтына дағдыландыру, жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында: 5 сыныптар арасында «Жануарлар әлемі балалар көзімен», 7 сыныптар арасында «Biotravel», 8 сыныптар арасында «Биология әлемінде» интеллектуалды ойындары өткізілді.

№40 ЖОББМ 5 студент (А.Асқарова, А.Ғатау, Ж.Мадиева, А.Сапарова, С.Аблезова)

9-шы, 10-шы сыныптарға 25-26 сабақ берді. Сабақ беру барысында «Білу және түсіну», «Аяқталмаған сөйлем», «Суретпен жұмыс», «Венн диаграммасы», «Фри», «Білім поштасы» әдістерін қолданып, осы әдістердің оқушылардың тапсырмаларды тез түсініп, жеңіл түрде орындауы барысында тиімді болғанын атап көрсетті (сурет 3). Flipcity.net платформасымен жұмыстана отырып, оқушылардың жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамытып, осы әдіс арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылап, өткен тақырыпты оқушылардың естеріне салып, меңгеру деңгейлері тексеруді жүзеге асырып отырды. Қалыптастырушы бағалауды тиімді жүзеге асыру және оқушылардың өз-өздерін бағалау деңгейін көрсетіп, сынып оқушыларының белсендігін аша түсу үшін «Өзін-өзі бағалау» парағы қолданылды.



Сурет 3. Білім поштасы әдісін қолдану сәтінен

Сабақты ұйымдастыру бөлімінде «Құбыр» ойыны, «Менің есімімнің тарихы», «Гүлмен тілек», жалпы жұмыстар жүргізгенде оқушылардың бойына ізденістік қабілетін ашуға ықпал ету мақсатында «Ақылдың алты қақпағы», «Лэйс», «Пицца»; топтық жұмыстарда «Галереяны шарлау», «Джигсо», «Фишбоун»; мәтінді талқылауға INSERT, SWOT, FIDA; ал рефлексия барысында «Шабандан, еттартқыш, қоқыс жәшігі», «Бағдаршам», «Принтер», «Екі жұлдыз бір тілек», «Ұстазға хат» әдістерін қолдана отырып сабақтарын өткізгенін және осы әдістердің тиімділігін атап өтуге болады.

**№50 ЖОББМ** 8 студент (Ардақ З.А., Ирланова А.И., Мақсотова Д., Шүкірбай А.Б., Жауынбаева А.С., Жекеева А.Н., Ибрагим А., Нуршатовна Н.) 7-ші, 9-шы сыныптарға 24-25 сабақ берді. «Тұқымқуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтары» мен «Көбею» бөлімі бойынша: «Тұқымқуалаушылық заңдылықтарының цитологиялық негіздері. Гаметалар тазалығы және оның цитологиялық негіздемесі. Моногибридті будандастыру. Басымдылық заңы. Ажырау заңы», «Адам қан топтарының тұқымқуалау заңдылықтары. Резус-фактор», «Екінші реттік жыныстық белгілері, жыныстық жетілу. Биологиялық және әлеуметтік жетілу» т.б. тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақтың ұйымдастыру кезеңінде үй тапсырмасын «Колесо фортуны» әдісімен ал, сабақ ортасында «Бейнежазба», «Фишбоун», «Lumio» ойыны (сурет 4, 5) арқылы тапсырмалар орындалды.



Сурет 4. Фишбоун әдісі



Сурет 5. Lumio ойыны

«SMS хабарлама», «Kahoot», «Classroomscreen» платформасы арқылы оқушылар сабақтан алған білімдерін бекіту мақсатында стикерлерді таңдап, рефлексия жүргізіп, «Блоб ағашы» әдісі арқылы кері байланыс жасалды.

Сонымен қатар "Жаратылыстану сыры - ғылымда" атты жаратылыстану пәндер апталығында 8 сыныптар арасында «Биология әлеміне саяхат» атты зияткерлік сайыс өткізілді. Зияткерлік сайыстың мақсаты оқушылардың ой-өрісін дамыта отырып, табандылықпен шешім қабылдауға, оны дәлелдеуге, биология пәніне деген қызығушылығын арттыра отырып, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру, оқушылар арасында бәсекелестікті дамытуға, дәлдікке, ұқыптылыққа, ұжым намысын жоғары қоюға, еңбекке баулуға, жауапкершілікке және мақсатына жете білуге тәрбиелеу.

Машықкерлер бекітілген әдіскерлерімен біріге отырып жүргізген жұмыстарын талдап, кеңес алып отырды. Әдіскерлер, мектептің биология пәні мұғалімімен, сынып жетекшісімен тығыз байланыста болды және оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруда туындаған қиыншылықтарды уақытылы түзеп, жойып машықкерлерге көмек қолын созды.

### **Жүргізілген тәрбие жұмыстары**

Сараман барысында студент-машықкерлер сынып жетекшілік қызмет ретінде тәрбиелік шараларды жүргізді. Сынып жетекшінің бекітілген жылдық тәрбие жоспарына сәйкес әр бір студент 12-13 сынып сағатын өткізді. Өткізілген шаралардың тақырыптары мен мазмұны әртүрлі болды. Машықкерлер сынып сағатымен қатар мектепшілік шараларды да өткізді. Жүргізген шараларға мектеп ұстаздары, тәрбие ісінің меңгерушісі және әдіскер Венере Талгатқызы қатысып, жұмыстарын бағалады.

Мысалы, «Әке-асқар тау», «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» атты тәрбие сағаттарының мақсаты мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайту, бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру, жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, балаларын басқа да қырларынан тани отырып, болашақта неге икемдеу керек екенін бақылау жасай алуға тәрбиелеу, әке орнының ерекше екенін ұғындыру, оқушылардың әкеге деген бала махаббатын ояту, ата-ана қадірін түсіне білуге баулу болды.

8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай «Ана - өмірдің шуағы», «Бәрі де ана, бір өзіңнен басталады» атты тәрбие сағаттарының мақсаты: анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлау, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу. «Гүл мереке, күн мереке - 8-наурыз!» атты сыныптан тыс жұмыс концерттік шара форматында өткізілді. Мұндағы шараның мақсаты қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт-дәстүріне байланысты әдептілік, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін бойларына сіңіру болып табылды.

«Ынтымақ-достық кепілі» атты тәрбие сағатының мақсаты - бүгінгі күн Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу, ұлы қазақ даласында басқа ұлт өкілдерінің бір шаңырақтың астында татулықта, сыйластықта өмір сүріп жатқанын ұғындыру, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Сонымен қатар, Төлен Әбдіковтың «Оң қол» шығармасына талдау ретінде тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты қазіргі кезде кітапханаға барып, көп кітап оқымайтын оқушыларға бір кітаптың болсын мазмұнымен таныстыру, кітапқа деген қызығушылықтарын ояту көзделді.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай «Ұраны ердің-ұрпағы қайсар», «Ерлер-жердің қорғаны, елдің тұтқасы» атты тәрбие сағатының мақсаты балаларға 7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру, Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп Отанды сүйуге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттеріне дәріптеу.

«Наурыз - Ұлыстың ұлы күні!» тәрбие сағатының мақсаты Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту. Оқушылардың ойлауын дамыта отыра, ой қиялын, өрісін, іздену негіздерін дамыту, ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа,

халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу. Оқушылар мұғалімдер мен атаналарға арнап көрніс қойып, ән айтып, би билеп, түрлі ойындар ойналды (6 сурет).



Сурет 6. «Наурыз - Ұлыстың ұлы күні!» тәрбие сағатынан көрініс

Педагогикалық сараман барысында машықкер-студенттер оқу үрдісінде алған теориялық білімдерін қолданып, біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастырды. Студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттері, өздеріне, оқушыларға талап қоя білетіндіктері, жауапкершіліктері, еңбектенуге және ізденуге қабілеттері жоғары болды. Сараман барысында осы қасиеттерімен оқушылар және мектеп ұжымымен тіл табысып, сыйластыққа ие болды. Болашақ ұстаз ретінде педагогикалық және психологиялық тұрғыдан теориялық білімдерін практикада ұштастыра білді.

### Педагогикалық сараманды талдау және қорытындылау

Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес бүгінгі сабақтың құрылымы студент-машықкелердің көп жұмыстануын, ізденуін талап етті. Оқу үрдісінде сабақтың ҚМЖ құру, уақытты үнемдеу, сыныпты ұйымдастыру, сабақтың: басы, ортасы, соңғы бөлімдері бойынша жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді орынды, жүйелі қолдануды сараман барысында меңгеріп, үйренді. Оқыту технологиялары: проблемалық, деңгейлік, ақпараттық, модульдік, топтық, сын тұрғысынан оқу, дарынды балалармен жұмыс т.б. түрлерін күнделікті сабақта, зертханалық және сарамандық жұмыстар барысында орынды қолданып, ұстаз ретінде қалыптасты. Педагогикалық сараман, машықкер – студенттерді өзін – өзі тәрбиелеуге, қиындықтарды жеңуге, кездескен проблемалардың шешімін табуға үйретті.

12.05.2023. күні педагогикалық сараманның қорытынды конференциясы оздырылды. Сараманның қорытындысы бойынша жиналатын құжаттарды студенттер алдын ала өздеріне бекітілген әдіскерлеріне тапсырып, қорғаудан өтті.

Сараман талабына сай әрбір машықкер мына құжаттарды әдіскерлеріне тапсырды.

- 1 Оқу-тәрбие жұмыстары туралы студенттің жеке жұмыс жоспары.
- 2 Күнделік.
- 3 Жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде биологиядан екі сабақтың ҚМЖ конспектісі.
- 4 Сынып жетекші ретінде тәрбие сағатының жоспар-конспектісі.
- 5 Биологиядан бір сыныптан тыс шараның әдістемелік нұсқауы.



6 Педагогикалық сараман бойынша қорытынды *рефлексивті есеп*.

7 Студентке бекітілген мектептің биология пәнінің және сынып жетекшісінің машықкерге берген мінездемесі және бағасы (жазбаша, қолы қойылған).

Барлық мектептер бойынша әдіскерлер биология пәні, тәрбие жұмысы және мектеп гигиенасынан қойылған бағаларын, қорғау жұмыстарын ескеріп, педагогикалық сараманның қорытынды бағаларын қойды.

Сараманды қортындылап, студенттердің пайыздық (%) және әріптік бағасы, сандық эквивалент, дәстүрлі бағалары анықталып, топтар бойынша платон жүйесіне (кесте 1) қойылды.

Кесте 1

Биология білім беру бағдарламасы, 4 курс студенттерінің топтар бойынша қорытынды бағасы

Топ (студент саны)	Әріптік	Сандық	Дәтүрлі
Б41 (24 ст.)	А (2 ст.)	4 (2)	Өте жақсы (17 ст.)
	А- (15 ст.)	3,67 (15)	
	В+ (1 ст.)	3,33 (1)	Жақсы (4 ст.)
	В- (3 ст.)	3 (3)	
	С- (1 ст.)	1,67 (1)	Қанағаттанарлық (3 ст.)
	Д+ (1 ст.)	1,33 (1)	
Д (1 ст.)	1,0 (1)		
Б42 (4 ст.)	А- (4 ст.)	3,67 (4 ст.);	Өте жақсы (4)

**Әдіскерлер тарапынан туындаған ұсыныс:** Оқу жүктемесіне сай университеттегі сабақ кестесінің мектеп сабақ кестесіне сәйкес келуіне байланысты студент-машықкерлердің мектепте өткізген сабақтарына қатысу қиындық туғызуы.

Сараман жетекшісі:

Ж.М.Ихласова